

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ РӨЛІ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ

Сәнім Марат sanimbauyrzhan@gmail.com «Журналистика және ақпарат» білім бағдарламасының 2 курс студенті Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қаласы, Қазақстан Республикасы Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Ахонова Мерует Иманғалиқызы

Бүгінгі тіршілік кестесі өте жоғары жылдамдықпен түрленуде. Оның бұрыннан санамызға қалыптасқан, түр-түсі, бояуы реңсізденіп, жаңа түс, жаңа белгілер пайда болды. Уақыт талабына сай ақпараттық салада да тың үрдістер қалыптасып, өмірдің бөлінбес бөлшегіне айналып отыр. Ақпаратпен коммуникацияның мақсаты бір халыққа қызмет ету, қоғамдық пікірді қалыптастыру. Ұлы тұлға А. Байтұрсыновты ұғынсақ, пікір жоғары жақтан емес, төменгі халықтан келеді. БАҚ-тың белді мүшесі газеттің «Халықтың көзі, құлағы һәм тілі» болатыны сондықтан. Қазіргі дүние біртұтас ағзаға, тұтас жүйеге айналып келеді. Мұнда оның жекелеген бөліктерінің жай-күйі жалпы жаһандық жүйеге тікелей тәуелді, сонымен қатар жаһандық жүйенің өзі оның бөліктері мен элементтерінің жай-күйіне тікелей тәуелді болып келеді. Әлемдік жүйенің әр бөлігі басқа бөліктерге ықпал етеді және өзі де солардың ықпалына түседі. Бұл кез келген салаға – саясатқа, экономикаға, қауіпсіздікке, ғылыми-техникалық, ақпараттық және басқа да салаға қатысты. Ақпараттық және басқа технологиялардың осы заманғы дамуы, шектеусіз әлемдік рынокқа шығу, бүкіл дүниежүзімен сауда жасау мүмкіндігі, бүкіл әлеммен 136 байланысқа түсу, басқа елдерден үйрену, өзге халықтардың мәдениетін білу арқылы рухани баю - мұның бәрі қазіргі дүниенің бізге беретін нәрсесінің бір бөлігі ғана. Коммуникация түсінігінде адамзаттық, субъективтік, жеке тұлғалық факторлар аса маңызды болып келеді. Коммуникациялық үрдістерде коммуникатордың құндылық бағыты, психологиялық әсері, көзқарасы, әдеті негізгі рөл атқарады [1]. Қазіргі біз өмір сүріп отырған заманды ақпараттық деп атайды, ақпарат қоғам өмірінде, оның іс-әрекетінде маңызды бір элементі. Ақпараттану ақпараттың қоғамға өту процесі ретінде адам өмірінің барлық саласына әсер етіп шықты. Жаңа ақпараттық технологиялар ғылымның және ғылыми қоғамның дамуына жаңа беттерді ашты. Электронды пошта, компьютерлік бағдарламалар адамдардың тығыз байланысын қамтамасыз ету мүмкіндігіне ие. БАҚ-ды үлкен аудиторияларға ақпараттың таралу процесі болып табылады. Бұл адамның танымы мен психикасына идеологиялық, саяси, экономикалық және т.б жағынан ықпал етуші құрал ретінде. Қазіргі таңда біздің қоғамда теледидар (эфирлік, кабельдік, спутниктік), баспа, радио, электронды пошта, ұялы телефон байланысы, интернет еркін коммуникациялық кеңістікке айналды. Бұның бәрі негізі ақпарат болып табылатын қоғам құрғанымызды айғақтайды. Ақпараттық ғасырға аяқ басқан тәуелсіз Қазақстанның әлемдік үрдістен кенже қалмауы мен технологиялық, мәдениеттік, өркениеттік сапасын арттырудың бір бағыты - саяси жүйені заман талабына сай жаңғыртып, ақпараттық басқаруды қалыптастыру мен дамыту екені анық. Бұқаралық ақпарат құралдарының даму үрдісіндегі ең қуатты алғышарт компьютер мен Интернет бүгінде басқаларынан қол үзіп кетті. Ол барлық әлемді құшағына қамтып, кез келген ақпарат көзімен әп-сәтте байланысқа түсе алады. Оның себептері, біріншіден, кино мен әлеуметтік өмірлік уақыттың қайшылыққа келуі, екіншіден, киноның компьютерлік технологиядан да озық стилін таба алмауы, үшіншіден кино сәт сайынғы жаңашылдықты жасап шығару талабына жауап беруінің қиындай түсуі т.б. БАҚ - кейде қоғамдық пікірді білдіретін шынайы билікке ықпал ететін, тіпті оның мүмкіндіктерін бір сәтке шектейтін күш [2]. Осы арқылы медиамәдениет қоғам мен мемлекет, билік пен тұлға арасындағы

делдал ретінде көрініс табады. Бүгінгі ХХІ ғасыр негізгі құндылығы - ақпарат. Ал ақпарат таратуда теледидар, газет журналмен қатар бүгінгі таңда ғаламтордың да үлес салмағы артып келеді. Бүгінгі жаһанданған әлемдегі технологиялық инновацияның шарықтаған заманында: интернет, спутниктік байланыс арқылы мәтін, аудио, бейнеақпараттардың тез арада әлемге таралуы, олардың географиялық, экономикалық, рухани аймақ шекарасынан ары шығып кетуі осыған айғақ. Қазіргі кезде Қазақстандық қоғамның барлық саласында ақпараттандыру процесі қызу жүруде, оның ішінде саясат саласында да жаңа ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдана отырып, мемлекеттік қызмет пен әкімшілік-басқару істерін әлемдік стандарттарға сай модернизациялауға барынша күш салынып жатыр. Өркениетті жасаушы да, жоюшы да адам болғандықтан, антропология мәселесін жан-жақты салалы зерттеу қай кезеңдеде толастаған емес. Адамға ең қызықты объект - ол адамның өзі. Адам адамға әрі объект, әрі субъект. Ешқандай ғылым адамды толыққанды зерттей алмайды. Бір ғылым адамның заңын зерттесе, екіншісі биологиялық құрылымын, ал үшіншісі қоғамдағы рөлін зерттейді. Адаммен байланыссыз бірде бір ғылым жоқ. Барлық ғылым адамға тәуелді, себебі ол адам ойының, адам дүниетанымының жетістігі. Ақпараттық қоғам алаңында ақпарат пен білімге негізделген жаңа биліктің түрі басымдыққа ие болып келеді. Жаңа биліктің негізгі сипаты болып-білімнің синтезі ретіндегі интеллект, ақпарат пен коммуникация, әлеуметтік-мәдени құндылықтардың рухани күші секілді ерекшеліктер бейнеленуде. Бір сөзбен айтқанда, БАҚ – күнделікті теледидар, радио, мерзімді баспасөз басылымы және интернет сайттар. Ал, оған қоса жаңа медиа мен жаңа ақпараттық технологиялардың ақпарат таратып, ақпарат жинақтауын да қосуға болады. Наполеон: Жауға 137 қарсы жүздеген мың қол әскерден, төрт газеттің ойсырата соққы беру мүмкіндігі зор, - деген. Сарапшылар БАҚ-тың мынадай ерекше белгілерін атап көрсетеді: - жариялылық, яғни тұтынушылардың шексіздігі; - арнайы техникалық құралдардың, аппаратуралардың болуы; - ақпарат таратушының қабылдаушыға біржақты ықпалы; - тұтынушы аудиторияның тұрақсыз әркелкілігі. 1840 жылы француз жазушысы Оноре де Бальзак баспасөзді «төртінші билік» деп атады [3]. БАҚ - бұл мемлекеттік идеология құралы. Әрбір аймақтың, әрбір мемлекеттің өзіндік ерекшеліктері бар. Үлкен мемлекеттер айналасындағы шағын елдердің мәдениетін басып, халқын өз аузына қаратып алуға талпынады. Сондықтан шағын елдердің өз мәдениетіне және өз ақпараттық саясатын жүргізу ісіне мығым болуы қажет. Бұл Қазақстан үшін, мемлекеттік тілдегі бұқаралық ақпарат құралдары үшін өзекті мәселе болып табылады [4]. ХХІ ғасыр техниканың гүлденуі шағы. Техникадағы ең керемет жетістік ақпараттарды сақтау мен беруге қатысты тасымалдау құралдарының эволюциясы: кітаптық басылым, кино, радио хабарламасы, интернет, теледидар. Интернет 1969 жылы АҚШ-тағы қорғаныс министрлігінің компьютерлік орталығын және академиялық ұйымдарды біріктіру мақсатында құрылған болатын. Жүйенің бірінші әрі басты ерекшелігі оның ақпараттарды тасымалдаудағы тиімді әрі әмбебап құрал болуы ғана емес, сонымен қатар, оның шексіз ақпаратты сақтау және тасымалдау қабілеттілігінде. Болашақта ақпараттарды электрондық жүйеде тасымалдау тасымалдау тәсілінің «қағаздық» тасымалды толығымен ығыстырып тастау мүмкіндігі күмәнсіз. Ерте ме, кеш пе біздің бүкіл кітап мұрамыз, сонымен бірге кино қорымыз, музыкалық жазба жинақтарымыз және т.б. электронды түрде ғана болады. Сонда жүйе (NET) бұқаралық қолданыстың жалғыз құралына айналуы мүмкін. Бұл әлемдік прогресс жемісі. Шын мәнінде, қазірдің өзінде әлемдік Интернет жүйесі адамзаттың ақпараттық әулетін айтарлықтай дамытып, әлемнің барлық бұрышындағы миллиардтаған адамдардың тең әрі оңай бірігуінің басты себебі болып отыр. Қазіргі әлем онтологиясын өркениеттік тұрғыдан зерттеу барысында қазіргі таңда отандық философтар мен әлеуметтанушыларды, тарихшылар мен мәдениеттанушыларды жалпы гуманитарлық ғылым өкілдерін қатты

қызықтырып отырған мәселе. Өркениет ұғымы, жалпы өркениет мәселесі социогуманитаристикада орталық мәселелердің біріне айналып отыр. Біздің көзқарасымызға сай, бұл қызығушылықтың бірнеше себептері бар тәрізді. Біріншіден, өркениетті қалыпттастыруға ұмтылуда. Екіншіден, көптеген батыс ғалымдарының пайымдауынша, кемелденген әрбір мәдениет өркениетке ұласпай қоймайды. Өткен ғасырларда өмір сүрген даналарымыз халықты үнемі рухани адамгершілік бағдарларға шақырып отырған. Әл-Фараби замандастарына «қайырымды, ізгілікті қаланың» қажеттілігін айтса, Жүсіп Баласағұн қоғамда әрбір адамның әділетті болуын көксеген, Абай пендеге арнап «Адам бол» деп нақты кеңесін берген, Шәкәрім болса, ар-ұяттан, ұжданнан әлеуметтік болмыстың, адам өмірінің түп қазығын іздеген. Әрбір ұлттық мәдениет өзінің дамуында рухани дүниесіне сүйенеді. Әлемдегі басқа ұлттар мен ұлыстар сияқты қазақ халқының көп ғасырлық тарихында даналықтың озық үлгісі боларлық әлемді танып-білудің, зерделеудің өзіндік сипаттамалары, түркілік ерекшеліктерді танытатын философиялық этикалық ойлар мен тұжырымдар жеткілікті болғаны белгілі. Мәселе сол рухани інжу маржандардың қадірін біліп, қаймағын бұзбай қазіргі күрделі жаһандану заманында жүйелі түрде жинақтап алуда және оны әрбір жаңадан келетін жас ұрпаққа рухани сабақтастықпен жүйелі түрде бере білуде болып отыр. Адам ақпаратқа үш деңгейде ие болады деп айтуға болады. Бірінші-биологиялық яғни генетикалық; екінші-әлеуметтік орта арқылы; үшінші-техника арқылы ақпаратты қабылдап, оның өмірлік жолы мен бағыт-бағдары айқындалады. Ақпараттың тасымалдану мен таратылуының жылдамдауын ықпал ететін технологиялар, көпшілік бұқараның өміріне енуі, 138 олардың мәдени деңгейін көтеріп, сауатын ашуда. Бұл дегеніміз бұрын баяу қозғалыстағы қоғамның бөлшегінің үрдістерін жылдамдататындығы сөзсіз. Ақпараттық дәуірде бірінші кезекте, БАҚ-тың тірегі ретінде «аудиовизуалды мәдениет». Кино әсіресе теледидар ықпалымен «экрандық мәдениет» деп аталатын құбылыс пайда болады. Соңғы он жылдардың ішінде көптеген ғалымдар, теледидарды «өмірдің басты ұстазы» деген ойды қолдауы бекер емес [5]. Қазіргі заманды ақпараттық кезең деп атайды, ақпарат қоғам өмірінде, оның өмір іс әрекетінде маңызды бір элементі болып табылады. Ақпараттану ақпараттың қоғамға өту процесі ретінде адам өмірінің барлық саласына әсер етіп шықты. Жаңа ақпараттық технологиялар ғылымның және ғылыми қоғамның дамуына жаңа беттерді ашты. Электронды пошта, компьютерлік конференциялар ғалымдардың тығыз байланысын қызықтырған мәселелерді интенсивті талқылауды қажет етеді. Ғылыми зерттеулердің ақпараттануы- зерттеу объектілері туралы дәл, дер кезінде толық білімді алуға бағытталған кешенді шараларды жүзеге асыру болып табылады. БАҚ-тағы жаһандану соңғы жылдары белсенді түрде дамуда. Қазіргі уақытта оның негізгі үш бағытын бөліп қарауға болады: 1. БАҚ-тың ақпараттық әсерін әлемнің көптеген елдеріне тарату. 2. БАҚ-тың трансұлттық корпорацияларда жинақталуы, әртүрлі коммуникациялық жүйелердің біртектес желіге қосылуы. БАҚ-тың жаһандануына байланысты, бүгінгі таңдағы PR мамандары мен агенттерінің жұмыстарының негізгі бағыттарының бірі де БАҚ-пен жұмыс істеу болып табылады. Бұқаралық ақпарат құралдары (бұқаралық коммуникация) - бұл ұйымдастырушылық техникалық кешендер, олар бұқаралық аудиторияға арналған сөздік, бейнелік, музыкалық ақпараттарды таратумен, өңдеумен, жинаумен айналысады. Қоғамдық пікірді қалыптастырудағы бұқаралық ақпарат құралдарының алатын орны оның «төртінші билік» ретінде қалыптасуына әсер ете алады. Бұқаралық коммуникация – адамдардың тәртібіне және пікіріне, бағасына идеологиялық, саяси және экономикалық, психологиялық тұрғыдан әсер ететін, ақпарат беретін хабарландыруларды жүйелі түрде тарату (радио, телевидение, Интернет, кино, аудио–видео жазбалар, ақпарат таратудың басқа да каналдары арқылы) Бұқаралық коммуникация – бақылау, байланыс секілді бірқатар әлеуметтік функцияларды атқаратын қазіргі қоғамның

қажетті институты болып табылады [6]. Жаһандануды әрекетке келтіретін көптеген себептер бар. Субъективті жайттарды орынды бағалай отырып, жаһанданудың объективті құрамдастарын – ғылыми-техникалық прогресті, жаңа ақпараттық, коммуникациялық, әлемдік экономиканың даму деңгейін, оның субъектілерін және басқа көптеген нәрсені көрмеу мүмкін емес. Қоғамның пікірін қалыптастыру, ақпаратпен қамтамасыз ету, ағарту, ойын-сауық, хабар беру және экономикалық жағынан үлес қосу сияқты қызметтер ақпарат құралдарының қызметі бола тұра, мәселелері де жоқ емес: 1. Біліктілікті арттыру; 2. Экономикалық мәселелер; 3. Журналистердің танымалдығы; 4. Жұмыспен қамту (жалақы); 5. Ақпарат құралдарының еркіндігі және этикалық жағдайы; 6. Тираж, жарнама және тарату жолдары; 7. Жергілікті ақпарат құралдарының мәселелерін қолға алу. 8. Құқықтық мәселелер. Өтпелі кезеңде және одан кейінгі даму барысында, әсіресе ХХІ ғасырдың табалдырығында Қазақстанда бірнеше үлгілер ұсынылды және ұлттық идея төңірегінде академик Ә. Нысанбаев бастаған қызу пікірталастар баспасөз бетінде жарияланды [7]. «Ұлттық идея: талқылауға ұсыныстар» деп аталатын академик бастаған бір топ ғалымның пікірлері 139 баспасөз беттерімен қатар, мерзімдік арнаулы ғылыми басылымдарда да жалғасын тапты. 2004 жылдың тамыз айында «Казахстанская правда» газетінде Мұхтар Құл-Мұхаммедтің «Ұлттық болмыстың негізі» деп аталатын көлемді ғылыми-көпшілік мақаласы жарияланды және бұл еңбекте ұлттық идея тілмен байланыстырылды. Автор мынадай түйінді ойлар айтады: «Тіл қашанда ұлттық идеяның басты құрамдасы және мемлекеттік идеологияның негізі болды. Оның үлгілерін қазіргі заманғы тарихтан көптеп келтіруге болады. ХХІ ғасырдың басындағы ұлттық идеяны іздестіруді алдыңғы ғасырдың басындағы зиялы қауымның ұлттық сананы оятуға ұмтылуымен салыстыруға келеді. Мысалы, Алаш арыстарының бірі Жүсіпбек Аймауытов большевизмнің билік басына келе бастаған тұсындағы ұлт саясатының тағдыр талайын бағамдап, ұлт бостандығын көксеп, қазақ елінің келешегіне алаңдап «Ұлтты сүю» деген мақала жазса [8], жас көсемсөзші-журналист Амангелді Кеңшілікұлы «Қазақстан» газетінде «Қазақты сүю» деген мақала жазды [9]. Бүгінгі күні де қазақ халқының ұлттық идеясына қатысты өзекті мәселелер күн тәртібінен түспей отыр. Жаһандану дәуіріндегі қазақтың мұң-мұқтажына алаңдаушылық танытқан саясаттанушы Б. Әбдіғали қазақ жобасын, қазақ идеясын, қазақ ойын, қазақ сөзін, қазақ саясатын, қазақ миссиясын, қазақ даңқын қозғайтын «Қазақ» альманағын жариялауда. Аталмыш еңбектерде дәстүрлі және қазіргі дүниетанымдық бағдарлар мен құндылықтардың, мақсат мүдделер мен мұраттардың тұтастай кешенімен сипатталатын ұлттық идея қазақ халқының рухани мәдениетінің тарихынан да, бүгінгі әлеуметтік-мәдени өмірінен іздестіріледі және бұл біздің диссертациялық зерттеудің әдіснамалық негізін айқындауға септігін тигізеді.

**Қолданылған әдебиеттер тізімі:** 1. Балабекұлы Д. Қазіргі заманғы Қазақстанның ақпараттық кеңістігі: әлеуметтік философиялық талдау: филос. д-ры (PhD) дәр.... дис.- Алматы. 2020. - 122 б. 2. Негодаев Н.А. На путях к информационному обществу / Н.А. Негодаев. - Ростов н/Д.: ДГТУ, 1999. — 247 с. Қазақстан энциклопедиясы. “Қазақ ұлттық энциклопедиясы” баспасы. Алматы, 2002. 621 б. 3. “БАҚ дегеніміз – мемлекеттік идеология құралы”. Сәуле Саматқызы, 03.12.2010 ж. <http://kazgazeta.kz/?p=4978> 4. Тоффлер Э. Третья волна / Э. Тоффлер. - М.: ООО «Издательство «АСТ», 2002. - 776 с. 5. Белл Д. Социальные рамки информационного общества / Д. Белл // Новая технократическая волна на Западе. - М.: Прогресс, 1986. - С. 330–342. 6. Нұрмұратов С.Е. Ұлттық идея баршаның ортақ құндылығы // Мир человека – Адам әлемі, №4, 2005. 7. Общенациональная идея Казахстана: опыт философско-политологического анализа. – Алматы: КИЦ ИФиП МОН РК, 2006. – 412 с. 8. Аймауытов Ж. Ұлтты сүю // Абай журналы, 2-қазан 1918 ж. 9. Кеңшілікұлы А. Қазақты сүю // Қазақстан, 11 қыркүйек 2008 ж.

